




# Е ТҮРІНДЕГІ СМР КАБЕЛЬДІК КІРМЕСІН ОРНАТУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

КАБЕЛЬДІК КІРМЕНІ ҚҰРАМДАСТАРЫ - Кабельдік кірмені төменде көрсетілгеннен артық бөлшектеу қажет емес


1. Кірме құрамдасы
2. Басты бөлік
3. Алмалы орағыш конусы
4. АлуWay қысқыш сақинасы
5. Корпус
6. Сыртқы тығыздаушы сомын



## ОРНАТУ ЖҰМЫСЫН БАСТАМАС БҰРЫН БАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАРДЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ

1. Егер қажет болса, кабельдің сыртқы қаптамасы үстінен қорғағыш қап кигізіңіз;

Кабельді дайындаңыз: сыртқы қаптамасы мен орағышын алып тастау арқылы жабдықтың геометриясына бейімдеңіз. Төмендегі кестені анықтама ретінде пайдаланып, сыртқы қаптамасының тағы біразын алып тастаңыз. Егер қажет болса, кабельдің ішкі қаптамасын ашу үшін кез келген таспалар мен орамаларды алып тастаңыз.



Таспалы орағышты тағы біраз дайындау керек - төменде көрсетілгендей таспаны бірнеше тілкемге кесу керек:


КАБЕЛЬДІК КІРМЕНІҢ ӨЛШЕМІ	20S/16, 20S, 20	25S, 25, 32, 40	50S, 50, 63S, 63	75S, 75, 90, 100, 115, 130
КАБЕЛЬДІҢ АШЫЛҒАН БӨЛІГІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ - L	12 мм	15 мм	18 мм	20 мм

2. Кірменің «А» мен «В» түйіндерін бір-бірінен ажыратыңыз Сыртқы тығыздаушы сомынның (6) босатылғанын қамтамасыз етіп, әуелі «В» түйінін, кейін АлуWay қысқыш сақинасын (4) кабельдің сыртқы қаптамасы мен орағышының үстінен өткізіңіз.




Ескертпе: Ең үлкен өлшемге ие кабельдер қолданылса, қысқыш сақинасы тек орағыштың үстінен өтуі мүмкін.

3. Басты бөлікті (2) босату арқылы ішкі тығыздағыштың босатылғанын қамтамасыз етіңіз. Нақты жағдайға қарап, кірме бөлігін (1) бұрандалы тесікке бұрап кіргізу немесе тегіс тесікте бөгеткіш сомынмен бекіту арқылы «А» түйінін жабдыққа жалғап бекітіңіз.




4. Орағыш конусты (3) өзінің басты бөліктегі (2) ойығына апарып қойыңыз. (E1FU және E2FU нұсқалары қолданылса, конустың дұрыс жағы ортасынан ең алыс шетінде екенін қамтамасыз етіңіз: айғыздалған жағы өрілген немесе таспалы орағышқа арналған, ал сатылы жағы - бір сымды орағышқа). Кабельді орағышы конусқа отырғанына дейін «А» түйінін өткізіңіз. Орағышты конус айналасында біркелкі жайып орналастырыңыз.




5. Орағыш пен конустың арасындағы контакты жоғалтпау үшін кабельді алға итере отырып, басты бөлікті (2) ішкі тығыздағыш кабельдің ішкі қаптамасына тигенге дейін (бұл сәтте күштірек кедергі сезіледі) тартып бекітіңіз. Тағы бір толық айналымға тартып бекітіңіз.

ЕСКЕРТПЕ: E2\* түріндегі кірмелерінің жерге тұйықтау құрылғысы автоматты түрде қорғасын қаптамасымен жанасады.



6. Басты бөлікті (2) сомын кілтімен ұстап тұрып, «В» түйінін сомын кілтімен тартып, «А» түйініне бекітіңіз - бос бұранда ұзындығы қалмағанға дейін.



7. Сыртқы тығыздаушы сомын түйінін (6) тек бармақтармен ғана тартып бекітіңіз - тартуға қарсы азғантай кедергі пайда болғанына дейін.

Одан кейін не сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны, не осы беттің арғы жағындағы кестені пайдаланып, тығыздағышты сомын кілтімен тағы қанша тартып бекіту керектігін анықтаңыз (сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны пайдалану ұсынылады).

Сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаны кабельге ораңыз - бұл тығыздағышты сомын кілтімен қанша айналымға тарту керектігін көрсетеді (осы жерде көрсетілгендей). Сыртқы тығыздағышты тарту мөлшерін анықтаушы таспаның дұрыс бетін пайдалануды қамтамасыз етіңіз - кабельдік кірменің өлшеміне қарай.

